

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесінің аумағын кеңейтудің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 ақпандағы N 121 Қаулысы

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңына сәйкес және Алматы облысының ерекше экологиялық, ғылыми және рекреациялық құндылығы бар бірегей табиғи кешендерін сақтау және қалпына келтіру және оларды одан әрі дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қорғаныс қажеттеріне арналған жерлер санатынан (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери полигоны) жалпы алаңы 3767,7 га жер учаскесі алынсын.

2. Осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскесі және Алматы облысы Ұйғыр ауданының аумағындағы жалпы алаңы 30132,3 га босалқы жерлер Қазақстан Республикасының жер заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыға қосымшаға сәйкес тұрақты жер пайдалануға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - мекеме) берілсін.

Көрсетілген жер учаскелері босалқы жерлер және қорғаныс қажеттеріне арналған жерлер санатынан ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері санатына ауыстырылсын.

3. Алматы облысының әкімдігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы аймақтың шегінде экологиялық жүйелердің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге кері әсер ететін кез келген қызметке тыйым салынатын және (немесе) шектеу қойылатын мекеме жерінің төңірегінде күзет аймағын белгілесін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2009 жылғы 6 ақпандағы  
N 121 қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі  
Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің "Шарын  
мемлекеттік ұлттық табиғи паркі" мемлекеттік  
мекемесіне Алматы облысының аумағында  
тұрақты жер пайдалануға берілетін жер  
учаскелерінің экспликациясы**

<b>Жерлер санаты және құрамы</b>	<b>Алаңы, га</b>
<b>Ұйғыр ауданы:</b>	
1) босалқы жерлер:	30132,3
жайылымдар;	29680,3
өзге жерлер;	452,0
2) қорғаныс қажеттеріне арналған жерлер (өзге жерлер)	3767,7
<b>Барлығы:</b>	<b>33900,0</b>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК